

«Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі Санитарлық – эпидемиологиялық бақылау комитеті Атырау облысының санитарлық – эпидемиологиялық бақылау департаменті Махамбет аудандық санитарлық – эпидемиологиялық бақылау басқармасы» РММ мен «Атырау облысы Білім беру басқармасының Махамбет ауданы білім бөлімінің Есбол орта мектебі» КММ және «Атырау облысы Білім беру басқармасының Махамбет ауданы білім бөлімінің Есбол орта мектебі» КММ асханасын жалға алушы ЖК «ЗЕРДЕ»

Сыралиев Адилет Адилбекович  
(2 немесе 3 тарапты) арасындағы

## ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ТУРАЛЫ МЕМОРАНДУМ

### 1. Жалпы ережелер

Осы Ынтымақтастық туралы меморандум (бұдан әрі-Меморандум) «Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі Санитарлық – эпидемиологиялық бақылау комитеті Атырау облысының санитарлық – эпидемиологиялық бақылау департаменті Махамбет аудандық санитарлық – эпидемиологиялық бақылау басқармасы» РММ мен «Атырау облысы Білім беру басқармасының Махамбет ауданы білім бөлімінің Есбол орта мектебі» КММ және «Атырау облысы Білім беру басқармасының Махамбет ауданы білім бөлімінің Есбол орта мектебі» КММ асханасын жалға алушы ЖК «Зерде» Сыралиев Адилет Адилбекович арасындағы қарым-қатынасты белгілейді, бұдан әрі «Тараптар» деп аталады.

Тараптар «Қоғамдық денсаулық сақтау қызметін (ҚДҚ) құру және сектораралық қарым-қатынасты дамыту» Жол картасын, «Денсаулық» бағдарламасын іске асыру мақсатында, жұқпалы және жұқпалы емес аурулардың алдын алу, балалар мен жасөспірімдердің санитарлық – эпидемиологиялық саламаттылығын қамтамасыз ету саласында тиімді ынтымақтастық орнату, қанағаттанарлық санитарлық – гигиеналық жағдайларды қалыптастыру үшін осы Меморандумды жасады.

### 2. Тараптар ынтымақтастығының салалары

Осы Меморандумды орындау мақсатында тараптар мынадай өзара ынтымақтастық саласын айқындайды:

1. Жоғары және бірінші сұрыпты фортификацияланған ұнды және одан өндірілген өнімдерді (макарон өнімдері) және нан – тоқаш бұйымдарын пайдалануды 100% қамтамасыз ету;
2. Балалар мен жасөспірімдердің тамақтануындағы тұз және қант, трансмайларды (трансжир) тұтынуын төмендетуді қамтамасыз ету;
3. Ас мәзірін қант пайдалануды төмендету бөлігінде қайта қарауды қамтамасыз ету (ас мәзірі құрамынан кондитерлік бұйымдарды, қант құрамы жоғары шырындарды, кәмпиттерді алып тастау), тұз және қантты төмендету бағытында технологиялық карталарды қайта қарау;
4. Халықтың санитарлық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы санитарлық ережелердің талаптарын орындау;
5. Балалардың тамақтануында зәйтүн майын салаттар құрамында пайдалану мүмкіндігін қарастыру (күнбағыс майын ауыстыру), осы мәселені мата-аналар комитетімен талқылау;
6. Білім беру объектілері мен асханалардың сәйкестігі туралы санитарлық-эпидемиологиялық қорытындының болуын қамтамасыз ету;
7. Балалар мен жасөспірімдер, қызметкерлер арасындағы инфекциялық,

паразитарлық аурулардың тағамнан уланулардың алдын алуға және салауатты өмір салтын насихаттауға бағытталған іс-шараларды өткізуді қамтамасыз ету;

8. Тараптар қызметтердің тиісті салаларында жинақталған, Тараптар өкілдерінің семинарларға, конференцияларға және өзге де әрбір Тараптың ұйымдастырылған іс-шараларына қатысуы арқылы жинақталған тәжірибемен, біліммен алмасу;

9. Тараптармен келісілген ынтымақтастықтың өзге де түрлері;

10. Бастауыш, орта және негізгі орта деңгейдегі білім беру ұйымдарында асханада тамақтану қалыптасқан эпидемиологиялық жағдайға байланысты жергілікті атқарушы органдардың шешімі бойынша және тиісті аумақтардың бас мемлекеттік санитариялық дәрігерлерінің келісімі бойынша ұйымдастырылсын;

11. Асхана ыдыстарын қолмен жуу мынадай тәртіппен жүргізіледі:

- 1) тамақ қалдықтарын механикалық жою;
- 2) ваннаның бірінші секциясында жуу құралдарын қоса отырып, суда жуу;
- 3) ваннаның екінші секциясында температурасы 40 °С-тан төмен емес суда жуу және ваннаның бірінші секциясына қарағанда екі есе аз мөлшерде жуғыш заттарды қосу;
- 4) ваннаның үшінші секциясында тұтқалары бар металл торда ыдысты температурасы 65 °С төмен емес ыстық ағынды сумен себезгі саптамасы бар икемді шланг көмегімен шаю;
- 5) барлық асхана ыдыстары мен аспаптарын оларды қолдану жөніндегі нұсқаулыққа сәйкес дезинфекциялау құралдарымен өңдеу;
- 6) ваннаның үшінші секциясында тұтқалары бар металл торда ыдысты себезгі саптамасы бар икемді шланг көмегімен ағынды сумен шаю;
- 7) ыдысты торлы сөрелерде, стеллаждарда кептіру.

12. Ыдыс жуғыш машина істен шыққан кезде ыдыстарды қолмен жууға жағдай жасау, жуу және дезинфекциялау құралдарымен, щеткамен, шүберекпен қамтамасыз ету және ыдыс жуу сапасын бақылау қажет.

13. Асхана қызметкерлері (сатушылар, аспазшы, даяшылар, кассирлер және тамақ өнімдерімен тікелей байланысы бар басқа да қызметкерлер) өз қызметтерін қолын жиі өңдей отырады.

14. Жұмыс ауысымы аяқталғаннан кейін (немесе кемінде 6 сағаттан кейін) үй-жайларды дезинфекциялау құралдарын қолдана отырып, есік тұтқаларын, тұтқаларды, үстелдерді, орындықтардың арқаларын (креслолардың шынтакшаларын), тамақтану залына (асханаға) кіре берісте қол жууға арналған Раковиналарды дезинфекциялау сулықтарымен (немесе дезинфекциялау құралдарының ерітінділерімен) сұрту жолымен желдету және ылғалды жинау жүргізіледі.

### **3. Тараптардың өзара іс-қимылы**

Осы Меморандум аясында Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасын «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі» туралы Кодексінің, Бала құқықтары туралы конвенцияны, өзге денормативтік-құқықтық актілерді басшылыққа алады және тең құқықтылық, ашықтық және парасаттылық қағидаларында өзара іс-қимылды жүзеге асырады.

Тараптар мемлекеттік санитарлық – эпидемиологиялық қадағалауды жүзеге асыру кезінде мүдделі мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл жасайды және жауапкершілтер болған жағдайда, олармен туындаған мәселені өзара қолайлы шешімін іздеу мақсатында талқылауды қамтамасыз етеді.

Осы Меморандум тармақтарын орындау мәселелері бойынша бір-бірімен өкілетті өкілдері арқылы, туындайтын мәселелерді қарау және біріккен іс-әрекеттерді өткізу үшін Тараптар өзара іс-қимыл жасайды.

Осы Меморандум бойынша барлық өзгерістермен толықтырулар Тараптардың келісімі бойынша жазбаша нысанда рәсімделеді.

#### 4.Қорытынды ереже

Тараптар осы Меморандум бірлескен қызмет бойынша заңды және қаржылық міндеттемелері жоқ декларация ретінде қарастырады.

Сондай-ақ, осы Меморандум шеңберіндегі бірде-бір әрекет Тараптардың әр-бірінің қандайда бір өкілеттері мен құқықтарына қысым жасамауы керек.

Осы Меморандумның қолданылуы саласына қатысты Тараптар арасында келіссөздер немесе консультация арқылы шешілетін болады. Осы Меморандум шеңберінде операциялар жүргізу үшін жасалған Шарттарды (руқсат) іске асыру кезінде туындайтын даулар мен келіспеушіліктерді шешу тәртібі көрсетілген шарттармен (келісімдермен) белгіленеді.

Осы Меморандумға өзгерістер мен толықтырулар Тараптардың уәкілетті тұлғасының қолы қойылған жазбаша нысанда рәсімделеді және осы Меморандумның ажырамас бөлігі болып табылады.

Осы Меморандум Тараптар қол қойған күннен бастап күшіне енеді және оны бұзу екі Тараптың өзара келісімі бойынша немесе Тараптардың біреуінің қалауы бойынша алдын ала кемінде 30 күн ішінде хабардар еткен сәтке дейін әрекет етеді. Осы Меморандумды бұзу «Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі Санитарлық – эпидемиологиялық бақылау комитеті Атырау облысының санитарлық – эпидемиологиялық бақылау департаменті Махамбет аудандық санитарлық – эпидемиологиялық бақылау басқармасы» РММ мен «Атырау облысы Білім беру басқармасының Махамбет ауданы білім бөлімінің Есбол орта мектебі» КММ және «Атырау облысы Білім беру басқармасының Махамбет ауданы білім бөлімінің Есбол орта мектебі» КММ асханасын жалға алушы ЖК ЖК «Зерде» Сыралиев Адилет Адилбекович арасында жасалған шарттардың (келісімдердің) бұзылуына әкеп соқпайды.

Меморандум мәтіні 3 (үш) данада жасалды, әрбір Тарап үшін 1 (бір) данадан

Қол қою «1» қараша 2011 жылы жасалды.

#### Тараптардың қолдары:

##### Мекеменің атауы

«Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі Санитарлық – эпидемиологиялық бақылау комитеті Атырау облысының санитарлық – эпидемиологиялық бақылау департаменті Махамбет аудандық санитарлық – эпидемиологиялық бақылау басқармасы» РММ

Басшы Г.Б.Ажигалиева

ҚОЛЫ

«Атырау облысы Білім беру басқармасының Махамбет ауданы білім бөлімінің ММ «Есбол орта мектебі» КММ асханасын жалға алушы ЖК «Зерде» Сыралиев Адилет Адилбекович

ҚОЛЫ

##### Мекеменің атауы

Атырау облысы Білім беру басқармасының Махамбет ауданы білім бөлімінің ММ «Есбол орта мектебі» КММ

Директордың у.м.а Э.Саликова

ҚОЛЫ